



«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім болімі» ММ
«Шанырак» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК



«Менің құқықтарым мен міндеттерім»

Откізген:
Тәрбиеші Бақытжанова Қ.Ш.

Хромтау ауданы, 2025 жыл

«Менің құқықтарым- менің міндеттерім»

Мақсаты: Балалардың құқықтары мен міндеттері туралы білімдерін толықтыру. Балаларда адам құқықтары туралы түсініктерін қалыптастыру. Өз міндеттері мен құқықтарын білуге үйрету. Қазақстанның болашағына үлесін қоса біletіn біlіmdі de, ізденімпаз ұрпақ етіп тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Бала құқықтары туралы» Конвенция, Туу туралы куәлік, слайдтар, 20 қараша-Бүкіл дүниежүзілік балаларды қорғау күні, Фемида суреті, Сот таразысы.

Сабак барысы:

I. Ұйымдастыру.

Сәлеметсіндер ме, балалар! Бүгінгі сабагымызды мынандай сұрақпен бастағым келіп отыр:

— Балалар «Есім алуға» құқықтарын бар ма? Қалай ойлайсындар?

Балалар кезектесіп өз аттарын айтып шығады.

Ал жақсы, сендердің есімдерін бар және таныстырып шықтық, сендердің есімдерін солай аталатынын енді қалай дәлелдейсіндер?

Дұрыс, балалар!

Туу туралы куәлік – бұл сендердің алғашқы құжаттарын. Ал онда тағы не туралы жазылған? Кім біледі?

Онда, сендер Қазақстан Республикасының азаматы екендерін жазылған.

Яғни, адам баласы туғаннан бастап мемлекеттің қарамағында қорғауда болады екен. Ол дегеніміз әрқайсымыздың құқықтарымыз берілген міндеттеріміз бар екенін білдіреді.

Ендеше, бүгінгі біздің сабагымыз «Менің құқықтарым мен міндеттерім» деп аталады.

Балалардың құқықтары қайда жазылған? Оны кім бекітеді? Ендеше сендерге қысқаша айтып өтейін.

«Сендердің құқықтарын туралы Конвенция»

20 қараша – бұл дүниежүзілік балалардың құқығын қорғау күні. Бұл күні «Балалар құқығы» туралы халықаралық Конвенциясы қабылданған.

Барлық дүние жүзіндегі балалардың құқықтары арнағы «Балалар құқығы туралы»

Конвенцияда жазылған.Бұл құжат 1989 жылы 20-қарашада БҰҰ-да қабылданды.Бұл үйім екінші дүниежүзілік соғыстан кейін құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған адамдардың өмірін қиды, яғни, олардың өмір сүру құқығын шектеді. Сол себепті осындай соғыстардың болдырмау мақсатында барлық дүниежүзіндегі халықтар БҰҰ-на бірікті.

Окінішке орай, дүние жүзінде әлі де қауіп-қатерлер жиі болып тұрады. Мысалы: соғыстар, терактілер, қылмыстар, апаттар, аштық, аурулар... Тіпті үлкен, мықты адамдардың өзі осындай қатерлерге қарсы тұра алмай жатады. Сондықтан ең қорғансызы болып табылатын балалар. Олар тіпті күнделікті өмірде үлкендердің колдауы мен карауын қажет етеді. Сол себепті балаларды қорғау үшін «Балаларды қорғау туралы» Конвенция қабылданды.

Конвенция – арнайы бір мәселе жөніндегі мемлекеттердің өзара келісімі. Конвенцияның басты міндеті – 18 жасқа дейінгі тұлғалардың құқығын қорғау. Бұл БҰҰ дүниежүзілік балаларына арналған Конвенцияны басшылыққа ала отырып, біздің елімізде де «Бала құқықтары туралы» заң бар. Ол 2002 жылы 8 тамызда елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасындағы «Бала құқықтары туралы» заңына қол қойды. Ең бастысы әр азаматтың негізгі құқығы – ол өмір сүру құқығы.

Өмір сүрге

Ата-тегін алуға

Отбасында тәрбиленуге

Жеке бас бостандығына

Азаматтық алуға

Білім алуға

Баспа на алуға

Дүние мүлікке

Демалуға

Денсаулықты сақтауға

Сөз бостандығына

Қоғамдық жұмыстарға араласуға Балалар біздің құқықтарымыздан басқа міндеттеріміз бар екенін естен шығармауымыз керек.

Не істеуге міндеттіміз?

Әркім Қазақстан Республикасының Ата заңын сақтауға;

Қазақстан Республикасын қорғау әрбір азаматтың міндеті;

Әрбір адамның ар мен намысын құрметтеуге;

Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге;

Тарихи мәдени мұраларды сақтауға;

Тарихи ескерткіштерді қорғауға;

Табиғат және табиғат байлықтарын қорғауға;

Мектеп ғимараты мен оның аумағын ұнемі тазалықта ұстауға;

Үлкенге-құрмет, кішіге-ізет танытуға;

Ата-анаға қамқорлық көрсетуге.

Сонымен балалар құқық деген не, міндет деген не? Ойланайық.

Ендеше құқық пен міндетті айыру үшін біз сергіту сәтін немесе ойын ойнайық.

Ойын «Менің құқытарым мен міндеттерім» деп аталады. Мен міндеттер мен құқықтарды оқимын, сендер табуларың керек. Егер жауап құқық болса, қолдарыңды жоғары көтересіндер, ал егер міндет болса, қолдарыңды шапалақтайсыңдар. Егер түсінікті болса, бастайық.

Конкурстар мен жаррыстарға қатысу. (К)

Жолда жүру ережелерін сақтау. (М)

Жеке бас тазалығын сақтау. (М)

Тегін оқу. (К)

Мектеп мұлкіне дұрыс қарau (М)

Табиғатты қорғау және күту. (М)

Демалу. (К)

Мектеп ережесін сақтау (М)

Жақсы оку. (М)

Ата-анаға көмектесу. (М)

Басқа оқушылардың ар-намысын, абыройын құрметтеу (М)

Тегін кітапхананы пайдалану (К)

Корытынды: Өте жақсы балалар, рахмет. Барлығымыз өз құқықтарымыз бер міндеттерімізді ажырата білдік.

5. Сендерге тағы біз сұрап:

— Біздің құқықтарымыз бұзылса, біз не істейміз?

-Дұрыс айтасындар! Зангерлерден кеңес алуымызға болады екен.

Кеңес- аты айтып түргандай, бізге заңды түрде түсіндіріп, кеңес береді. Ал зангер (юрист)-заңды жақсы білетін адам. Біз кеңес ала отырып, өзімізді қорғай алады екенбіз.

III. Корытынды.


Сонымен, қорыта келгенде,

- Балалар өзіміздің құқығымызды қорғауға, міндеттерімізді орындауға, Отанымызды құрметтеуге және патриоттық сезімізді нығайта түсуге тырысайық.

Міне, балалар, бүгін өздерінді Тәуелсіз еліміздің болашағы екендерінді, яғни, нағыз азамат екендіктерінді көрсете білдіндер.

Барлығыңыз бүгінгі оку-іс әрекетіне толық қатыстындар.

Сау болыңыздар?



«Менің құқықтарым менің
міндеттерім»